

Ә. ЖУНІСБЕК

## **Б. ҚАЛИҰЛЫНЫҢ «ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНЫҢ ОРЫСША-ҚАЗАҚША ЖӘНЕ ҚАЗАҚША-ОРЫСША СӨЗДІГІ ТУРАЛЫ»...**

Б.Қалиевті мен жақсы білемін. Ол – өсімдік атауларына байланысты докторлық диссертация қорғаған адам. Өсімдік атауларына қатысты ол кісі бірі – қазақша, екіншісі – орысша 2 монография, 50-ден астам ғылыми мақала жариялаған. Енді, міне, өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігін жасап отыр (көлемі – 109 бет).

Сөздік – аударма сөздік. Қазақстанда өсетін өсімдіктердің орысша атауларына әліпби ретімен береді де, олардың тұс-тұсына қазақша баламаларын келтіреді. Сөздіктің соңында қазақша өсімдік атауларының әліпбидің көрсеткішін береді де, олар сөздіктің қай бетінде кездесетіндігін көрсетеді. Яғни бұл әліпбилік көрсеткіш керісінше қазақша-орысша сөздіктің қызметін атқарған.

Автордың айтуына қарағанда, сөздік университеттердің биология факультеті мен медицина университеттерінің фармацевтика факультеттерінің студенттері мен оқытушыларына және биолог мамандар мен ғылыми қызметкерлерге арналған сияқ-

ты. Біздің ойымызша, сөздіктің гимназия, лицей, мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне де тиғізег пайдасы мол. Әсіресе сөздік аудармашылар мен тілші ғалымдар үшін құнды енбек. Онда өсімдік атауларының әдеби, ғылыми және халықтық атаулары түгел көрсетілген.

Бөле-жара айтарымыз: мұндан сөздік бұрын-сонды жарық көрген емес. Біздер үшін сөздіктің әсіресе қазақша баламаларының маңызы зор. Көркем әдебиеттер мен ғылыми енбектерде, газет-журналдарда өсімдіктердің қазақша атаулары кездеспейді емес, кездеседі. Бірақ олардың атына қарап өңгіме қай өсімдік жөнінде болып жатқандығын түсіну қыын. Мына сөздіктің екінші бөлім яғни онда берілген әліпбилік көрсеткіш аталған мәселенің шешімін табуға негіз бола алады. Осыған байланысты: ендігі жерде өсімдік атауларының қазақша-орысша сөздігі арнайы жасалып, бастырылса, тіптен жақсы болар еді деген ұсыныс айтқымыз келеді.

**Алиева С. Б.** - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының оқытушысы, ф. ғ. к.

**Баваш Г.** - Мармара университеті – Түркия

**Байқадамова Гүлназ Қажиахметқызы** - ҚР Қаржы министрлігі Кедендей бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысы бойынша Кедендей бақылау Департаменті ұйымдастырушылық жұмыстар және бақылау бөлімінің бас маманы, филол. ғыл. магистранты

**Баратова Мухаббат Нұржаякызы** - С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің аға оқытушысы

**Баратова Шаирим** - Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ізденушісі

**Бибеков Қ. Т.** - М. О. Әуезов атындағы Семей университетінің оқытушысы, ф. ғ. к.

**Далабаева Г. М.** - ст. преподаватель КазАТК, г. Астана

**Ердембеков Бауыржан** - М. Әуезов атындағы Семей университеті филология факультетінің деканы, филол. ғ. к.

**Ерімбетова Г. Х.** – К. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ізденушісі

**Жаппейісов Ербол** - А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері ф. ғ. д., профессор

**Жанхожаева М. О.** - Абылай хан атындағы ҚазХК және ӘТУ-нің магистранты

**Жартыбаев А. Е.** - Е. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің оқытушысы, ф. ғ. к.

**Жұмабаева Ж.** - А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аспиранты

**Жұнісбек Әлімхан** - А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, ф. ғ. д., профессор

**Жұсіпов Нартай Куандықұлы** - С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің доценті, филол. ғ. к.

**Исаева Жанар Аманжолқызы** - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы

**Көктербекова Бағлан** - Е. А. Бекетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің ізденушісі

**Кенбаева С.** - «Қайнар» университетінің аспиранты

**Кенжегараев Нојаң Ҙанатұлы** - К. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аспиранты

**Құлбараков Сәмен** - К. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Тараз институтының доценті, ф. ғ. к.

**Майлыбаева Санагұл Қөлбайқызы** - М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ғылыми мәдени орталығының аға ғылыми қызметкері, филол. ғ. к.

**Мұқашев Еркебұлан Советұлы** - Шөкөрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің аспиранты

**Найманова Ч. К.** - Ж. Баласағұн атындағы Қырғыз мемлекеттік университетінің ағылшын тілі кафедрасының менгерушісі доцент, ф. ғ. к.

**Нұрпейісов Нариман Жұмашұлы** - М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының менгерушісі, филол. ғ. к.

**Оразбек Мақпал** - «Қайнар» университеті филология факультеті деканының орынбасары, филол. ғ. к., доцент

**Өтен Айгұл Жақсылыққызы** - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының аспиранты

**Сәрсембаева Нагима Алдабергенқызы** - Абылай хан атындағы ҚазХК және ӘТУ-нің окуйіндеңгі проректор, ф. ғ. к.

**Тілеубердиев Б. М.** - М. О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің аға ғылыми қызметкері, доцент, ф. ғ. к.